

Бұланды ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № а-01/18 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына сәйкес Бұланды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес әкімдік қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Аудан әкімі

Қ.Испергенов

Бұланды аудан әкімдігінің
2016 жылғы 01 "22"
№ а-01/18 қаулысына
қосымша

Күші жойылды деп танылған Бұланды ауданы әкімдігі қаулыларының тізімі

1. Бұланды ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № а-04/125 "Бұланды ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысы;

2. Бұланды ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 қаңтардағы № а-01/11 "Бұланды ауданында мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысы.